

Литература

1. Данилина Т. Современные подходы взаимодействия дошкольного образовательного учреждения с семьей. // Дошкольное воспитание 2000 № 1, № 2.
2. Костина Л.М. Игровая терапия с тревожными детьми. – СПб., 2009.
3. Маркова Л.С. Организация коррекционно-развивающего обучения дошкольников с задержкой психического развития. – М.: АРКТИ, 2002.
4. Черемошкина Л.В. Развитие внимания детей. – Ярославль: Академия развития, 2005.

Тюлембекова М.Ж., Насыпханқызы А.
№134 «Гауһар» балабақшасы, Қарағанды қаласы
Жумашова С.Е.
№ 34 НОМ, Қарағанды қаласы
Саматова У.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

БАЛАБАҚША МЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Балабақша мен ата-аналар арасындағы тығыз қарым-қатынас бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Кішкентай бүлдіршін, балдырғандарын қолынан жетелеп, балабақша апарып салған соң, одан арғы міндетті тәрбиешілерге жүктеп, «балам бақшада, ең апайдаудың қажеті жоқ-деп, немесе балабақшадан балам түк те үйренбеді, ондағы тәрбиесіым нашар»-деп бар кінәні де сол баласының «апайларына» артып, өздері бейқам жүретін ата-аналар арамызда жоқ емес. Керісінше өз тарапынан белсенділік танытып, баласының бақша табалдырығын аттаған алғашқы сәтінен бастап тәрбиешінің балаға қойған талаптарымен танысып, өткізілген бағдарлама бойынша берілген тапсырманы орындалуын жіті қадағалап, баласының іс-қимылын, әрекетін көзінен таса қылмай отбасындағы тәрбиемен балабақшадағы тәрбиені ұштастырытып отыратын ата-аналарымыз да баршылық.

Қазіргі таңда балабақшаның педагогтардың және психологтардың алдында тұрған негізгі, маңызды міндеттердің бірі тәрбиешілер мен отбасының арасында жағымды байланыс орнату, педагогикалық білімді нысхаттау үшін ата-аналар мен жұмыстың жаңа формаларын өңдеу, балаға деген ата-ананың көңіл бөлуі болып табылады.

Отбасы мүшелерінің тиімді өзара әрекеті барысында, әсіресе, ата-аналар баланы оқытуға белсенді қатысады. Мұндай қатысушылық балабақша әкімшілігі тарапынан белгілі бір күш - жігерді талап етеді, бірақ оның жемісі баланың, отбасының және балабақшаның өзінің игілігіне келіседі. Кейбір жағдайларда қалыпты әсер айтарлықтай әрі қарай тарайды және тұтастай қоғам өміріне кең таралып, мектепке дейінгі ұйым аясынан шығып кетеді.

Ата-аналардың сұрақтарды шешуге қатысуға құқықтары бар және осымен бір уақытта өздерінің балаларының күтімі және оларды оқытуға қатысты шешімдерге жауапты болады. Ата-аналарды осы процестерді бақылап және белсенді қатысуға тарту үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет. Тәрбиешілер балалардың ата-аналарымен ұдайы байланыстар орнатып, қолдап отырулары тиіс [1].

Ерте жаста балалар айтарлықтай дәрежеде дербестік, қауіпсіздік, қамқорлық және жалпы игілік сұрақтарында өздерінің ата-аналарына тәуелді болады. Отбасы мен тәрбиешілер арасындағы байланыстар өзара түсіністік қарым-қатынас орнатуға және жалпы ұстанымға келуге, сондай-ақ, баланың өзі үшін болып жатқан бірізділікпен үлкен қисындылықты қамтамасыз етуге көмектеседі.

Тәрбиешілер балаларды оқытуға қалай дайындалады? Мұнда тәрбиешінің оқытуы баланың топқа келген сәтінен басталмайтынын түсінуі қажет. Бұл өте маңызды. Баланың ата-анасы оның бірінші мұғалімдері болып табылады. Баланың өзінің отбасында танып-

білгендерінің барлығы ары қарай, анағұрлым толық масштабты оқыту процесі үшін негіз болып табылады. Ата-аналар балада моральдық құндылықтардың қалыптасу процесіне, оның әртүрлі сұрақтарға қатынасына, дербес қадір - қасиет сезімінің қалыптасуына, баланың мінез-құлқына, оның мектепке даярлығына және тұтастай өмірлік жетістіктеріне ықпал жасайды. Сондай-ақ, отбасы ұғымын оның жалпы қабылданған анықтамасымен, яғни ана, әке және бала салыстырғанда біршама кеңірек қарастырған жөн. Басқа үлкендерді, көке, тәте немесе көршілерді, яғни бала тәрбиесіне қатысатын адамдардың барлығын топтағы жұмыстарға тартуға болады.

Педагог, өз кезегінде, баланың білімдерді меңгеру процесіне, барлық өмір бойы жалғасуы тиіс процеске ұдайы қатынасатындардың бірі болып табылады.

Отбасы мен балабақшаның өзара әрекетін дамыту мақсаты мынау: баланың мектепке дейінгі дамуына отбасының қатысының маңызын бағдарламаның сапасы және оның жетістігінің көрсеткіші ретінде кептеген бағдарламалар мойындайды.

Отбасы мен сәбиге байланысты қарым-қатынас жасау - педагогтік ұғым міндеттерінің аса маңызды бөлігі. Барлық отбасылар өздерінің балаларының жағдайы жақсы болғанына мүдделі және олардың жақсы және ынталы оқығанын қалайды. Бәлкім, мектепке дейінгі ұйым - бұл сәбидің отбасынан тыс жерде болуының алғашқы тәжірибесі болуы да мүмкін және сондықтан да отбасының мүшелері оның жетістіктеріне көңіл бөліп отырғанды қалайды. Педагогтар сәби туралы ұғымды тереңдету және бұдан дербес әрекет ету үшін ата-аналармен бірге сәбидің үй ішіндегі және мектептегі сабақтарының оның күшті және әлсіз жақтарын, өздерін мазалайтын нәрселердің барлығын да талқылауға тиіс [2].

Отбасы мүшелеріне бағдарлама қызметіне қатысуға сан алуан мүмкіндіктер жасалады. Отбасына бару ата-аналар үшін қолайлы уақытқа жоспарланады және тәрбиешінің балалармен және ата-аналармен олар үшін үйреншікті жағдайда танысуына мүмкіндік жасайды. Ата-аналарға олардың балалары қалай өсетіндігі және ойнап жатқанын көруі үшін топқа келген уақытта баруына мүмкіндік жасалады. Оларды балалармен бірге топта тербие жұмысымен айналысуға шақырады, ақпарат алмасу ретінде үйлеріне беріп жіберетін балалардың дәптерлері туралы өз пікірін айтуға өтінеді. Ал, егер ата-аналар тәрбиешілерге әлде бір ерекше отбасылық жағдайлар туралы, туған күн, жаңа қызмет, туған-туысқандарына бару немесе көрші қалаға сапар шығу туралы хабарлайтын болса, онда осы оқиғаларды балалармен бірге топта талқылау мүмкіндігі туады.

Бірлескен қызмет пен тәрбиешілердің және ата-аналардың қарым-қатынасы үшін мүмкіндіктердің көп болуы және олардың алуан түрлілігі әрбір отбасының жеке мүдделері мен басым көңіл бөлетін нәрселеріне сай келетін нысандарды жасап шығуға мүмкіндік береді. Мысал үшін, ата-аналар көп жұмыс істейтіндіктен топтың күн сайынғы тұрмыс тіршілігіне тұрақты түрде қатысып жеткілікті уақыты болмауы мүмкін. Мұндай ата-аналармен үзбей байланысу аса маңызды болмақ, өйткені соның нәтижесінде өзара бірлесіп әрекет етудің жиі нысанын табуға мүмкіндік туады. Мысал үшін балабақшадағы жексенбілік, отбасылық таңғы ас ішу немесе ата-аналарға сәбидің жақсы көретін қызметі туралы қатылған апта сайынғы жолдау хаттар. Аталған отбасында баламен оның атасы немесе әжесі айналысуы мүмкін. Әжесіне балалармен бірге топта апта сайын тамақ әзірлеуге қатысу ұнауы мүмкін. Бұл сәбиге оның отбасының балабақшаға келіп отырғанын сезінуіне, ал оның әжесіне - отбасының басқа мүшелерімен балабақша туралы өз әсерлерін бөлісуіне мүмкіндік жасайды.

Егер баланың отбасындағы мүшелердің біреуі топтағы жұмыстарға тартылатын болса, бұл балалардың табысқа жетуге деген талпыныстарын күштірек ынталандыра түседі. Сондай-ақ, педагогтарда балалардың отбасына деген қарым-қатынаста сыйластық сезімі қалыптасады, бұл балабақшаға деген баланың қарым-қатынасының қалыптасуына қалыпты ықпал етеді. Балалар өздерінің отбасының мүшелерін бақшада ашық жүрекпен қарсы алатындықтарын сезінеді. Ең соңында, балабақша барлық отбасылар үшін қалыпты әсер факторына айналады [3].

Тәрбиешілер ата-аналар, ұйымдар, бағдарламалар және кеңес берушілер, яғни баланы оқытуға жауаптылардың барлығы баланың дамуына қатысты, бала бағдарламаның бір деңгейінен екіншісіне қалай өткендігі туралы ақпараттар алмасуларына болады. Білім беру процесінде осындай сабақтастықтың дамуы баланың дамуы үшін ерекше маңызды фактор болып табылады. Берілген сабақтастық көлденеңінен алғанда, бала бір топтан екіншіге қалай өтеді, сондай-ақ тігінен алғанда, бала өзін қоршаған ортадан екіншісіне қалай өтетіні секілді тығыз өзара әрекет процесінде туындайды.

Ата-аналарды балабақша өміріне тарту нәтижесінде, бала үшін басқа да қалыпты факторлардың арасынан келесілерді атауға болады:

- топтағы үлкендер санының көбейіп кететіндіктен әр балаға жекелей үлкен назар аудару мүмкіндігі;

- басқа мәдениетті анағұрлым тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін әр түрлі мәдениеттерді ұсынатын балалар отбасылармен өзара әрекеттің үлкен мүмкіндігі;

- ата-аналар мен педагогикалық ұжымның бірлескен жұмыс процесінде балабақшаға деген қарым-қатынасты жақсарту;

- тәрбиешілерден бөлек басқа үлкендердің өкілеттігін мойындау, және тәжірибемен білім көздері ретінде оларға деген қарым-қатынас.

Тәрбиешілер мен ата-аналар баланың отбасы мүшелерімен педагогтардың күнделікті арнайы емес қарым-қатынас процесінде, сондай-ақ жоспарланған кездесулер мен жиналыстар өткізу арқылы тәжірибе және білімдермен баланың дамуына қатысты сұрақтар бойынша ақпараттар алмасып отырулары тиіс. Баланың қажеттіліктері және оның табыстары туралы осындай білім және өзара ақпараттар алмасу отбасына ғана емес, сондай-ақ педагогикалық ұжымның жұмысына көмектеседі. Баланың дамуының шынайы процесін түсіну және ұдайы қарым-қатынастар баланың баланың мінез-құлқымен және оның жетілуімен байланысты мәселелерді бірлесіп шешу үшін негіз қалыптастырады [4].

Тәрбие мазмұны мен түрлері, әдіс-тәсілдері белгілі бір жас ерекшеліктеріне, талап-тілектері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек. Баланы белгілі бір жас кезеңіндегі дамудың жоғары деңгейіне сай және оны дамудың әлдеқайда жоғары сатысы келесі жас шағы кезеңіне табысты көшуді даярлайтын біліммен қаруландыру, оны іс-әрекет түрлеріне араластыру, оның бойында осыған лайық сапа, қасиеттер қалыптасыру қажет.

Әр шақтық кезеңнің жеке адамды қалыптастырудағы мәні қандай деген сұрақтың тууы заңды. Бұл күрделі сұрақ. Бұған психология ғылымының маңызды саласы – педагогикалық және жас ерекшелік психологиясы жауап береді. Бұл тақырыпта біз тек мектепке дейінгі балалық шақтың бала дамуындағы мәнін қарастырайық.

Көптеген кеңес педагогтары мен психологтары әр шақтық кезеңнің жеке адамның қалыптасуында маңызы мәні болады және қабілеттілік пен сапаның белгілі бір тобын дамытуға, оның дамуындағы бұрынғы кемшіліктерді түзетуге, кемшілік орнын толтыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Арыстанбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996.
2. Макаренко А.С. Педагогические сочинения. - М., 1985-1986.
3. Елисеева Т.П. Детский сад и семья: современные формы взаимодействия. – М., 2004. – С.- 68.
4. Иванов И.П. Мудрость воспитания. - М., 1989.